



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР МАУСЫМ 2025

Халықтың алдағы бір жылда күтетін инфляциялық болжамдары әлі де құбылмалы: 2025 жылдың маусым айында бұл көрсеткіш 12,6%-ға дейін төмендеді. Дегенмен, кейінгі айларда күтілетін инфляцияның тегістелген деңгейі 12,9%-дың төңірегінде қалып, белгілі бір дәрежеде тұрақтана бастағаны байқалады. Алдағы уақытта бағаның өсуіне ықпал ететін басты себеп деп, респонденттер, әдеттегідей, азық-түлік бағасының өзгеруін атады. Ал 5 жылдағы инфляциялық күтулер әлі де жоғары: 14,2% болып, бір жылдағы күтулерге қарағанда неғұрлым анық қалыптасып отыр.


Халықтың инфляциялық күтулері

2025 жылғы маусымда алдағы 12 айда күтілетін инфляцияның медианалық мәні¹ төмендеп, 12,6% болды (2025 жылғы мамырда – 14,1%) (1-график).

Инфляциялық күтулер құбылмалы болғанына қарамастан, кейінгі айларда үш айда тегістелген көрсеткіш шамамен 12,9% болып, белгілі бір деңгейде тұрақтылық барын көрсетіп отыр. Ал 5 жылдан кейін күтілетін инфляцияның медианалық мәні 2025 жылғы маусымда 14,2% болды (2025 жылғы мамырда – 13,7%). Алдағы бір жылдағы баға өсіміне қатысты респонденттердің жауабында белгісіздік деңгейі әлі де жоғары.

2025 жылдың екінші тоқсанында респонденттер атап өткен алдағы 12 айдағы баға өсіміне әсер ететін басты фактор – дүкен сәресіндегі азық-түлік бағасының өзгеруі (2-график). Сонымен қатар, коммуналдық қызмет, бензин мен дизель, сондай-ақ, айырбас бағамының өзгеруі де айтылды. Келешекте ҚҚС-тың өсуі инфляцияға себеп болады деп санайтын респонденттердің үлесі аздап төмендеді.

1-график. Респонденттердің инфляциялық күтулері, %




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

2-график. Алдағы уақытта бағаның өсуіне әсер ететін факторлар



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

3-график. Респонденттерге сезілген инфляция мен нақты инфляция, %




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab, ҚР СЖРА ҰСБ


Сезілген инфляцияның медианалық мәні де 2025 жылғы маусымда 12,1%-ға дейін төмендеді (2025 жылғы мамырда – 13,5%) (3-график). 2025 жылғы маусымда азық-түлік қымбаттағанын атап өткен респонденттердің үлесі 79,6% болды (2025 жылғы мамырда – 79,1%). Азық-түлік емес тауарлардың қымбаттағанын атап өткендердің үлесі – 8,7% (8,9%), ал ақылы қызметтердің бағасы өскенін байқағандар – 8,4% (8,2%).

2025 жылғы маусымда респонденттер едәуір қымбаттаған азық-түлік ретінде – ет өнімдерін, жеміс пен көкөністі, ірімшік пен шұжық өнімдерін атады (4-график). Азық-түлік емес тауарлар құрылымында халық дәрі-дәрмек, киім мен аяқкиім, тұрмыстық химия өнімдерінің қымбаттағанын байқаған. Ал ақылы қызметтерден респонденттер тұрғын үй-коммуналдық қызмет, интернет пен ұялы байланыс, сондай-ақ медициналық қызмет бағасы өскенін айтты.

4-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері
Азық-түлік



Азық-түлік емес тауар мен қызмет түрлері




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

Халықтың тұтыну көңіл күйі


2025 жылғы маусымда тұтыну көңіл күйі индексі 105-ке дейін өсті (2025 жылғы мамырда – 101,4) (5, 6, 7-графиктер). Күтулерді бағалауда елдің алдағы бір жылдағы және бес жылдағы даму перспективасына деген сенім жақсарды. Сондай-ақ, алдағы бір жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруін бағалаудан да оң өзгеріс байқалып отыр.

Сонымен бірге, қазіргі жағдайға берілген бағаларда соңғы бір жылдағы жеке материалдық жағдай көрсеткіші мен қомақты қаражатқа сауда жасауға дайындық деңгейі өскені байқалады.


5-график. Тұтыну көңіл-күйі индексі²

Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

6-график. Күтулерді бағалау



7-график. Қазіргі жағдайды бағалау



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

ЕСКЕРТУ

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ, себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті, бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

2025 жылғы қаңтардан бастап күтілетін және сезілетін инфляцияның медианалық бағаларын есептеу кезінде 2-4 п.т. аралықтар пайдаланылады, оған дейін – 4 п.т.

² Тұтыну көңіл-күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән – оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән – оң, 100-ден төмен – теріс мәндердің басым екенін білдіреді.